

№2 Хаттама

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы». ШЖҚ МКК-да негізгі қызметкер К.Б.Данабатырованың әлеуметтік демалысы уақытына, хореограф 1,0 бірлік лауазымына жарияланған конкурстың комиссияның қорытынды отырысының хаттамасы.

БҚО, Орал қаласы
Самал көш.,74

18.11.2024 жыл
сағат 10.00

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Негізгі қызметкер К.Б.Данабатырованың әлеуметтік демалысы уақытына, хореограф 1,0 бірлік лауазымына жарияланған конкурстың комиссияның қорытындысы туралы.

Тыңдалды: конкурстық комиссияның төрайымы Э.А.Алпамысова: Конкурс өткізу туралы хабарлама enbek.kz және мектептің интернет ресурс сайттарында жарияланды. Өтініш берудің мерзімінің аяқталуы 2024 жылдың 10 қараша күні.

Комиссия құрамының қарауына осы мерзімде - 1 өтініш түсті.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына енгізілген өзгеріс (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 қарашадағы №568) сәйкес және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің (16-бабының 23-тармақшасы) басшылыққа ала отырып, конкурс отырысы 2024 жылдың 18 қараша күні сағат 10.00-ге белгіленіп отыр.

Комиссия мүшелері түскен құжаттарды қарап, қатысушының біліктілік талаптарына сәйкестігін, біліктілікті бағалауды жүргізді.

Мемлекеттік ұйым кандидаттың құжаттарын қабылдағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Батыс Қазақстан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне жіберілді, оң нәтижесімен келді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК-нда төмендегідей лауазымдық қызметіне белгіленген мерзімде өтініш берудің соңғы мерзімі өткенге дейін ұсынған төмендегідей конкурсқа қатысушы өтініші қабылданып, кандидат құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік

сипаттамаларымен бекітілген талаптарына сәйкестігін қарауды жүргізді. Конкурстық комиссия кандидат құжаттарының біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес бағалау парағында көрсетілген балдарды есептеуді жүргізді. Нәтижесі төмендегідей:

№ р/с	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Өтініш берушінің мекенжайы	Конкурсқа өтініш беру уақыты	Бағалау парағына сәйкес жинаған жалпы ұпайы
1	Нигметуллина Анар Нурлановна	Орал қаласы, Северо- Восток 2 к., 15 үй, п. 307	5 қараша 2024ж.	12 ұпай

Конкурстық комиссия құрамы біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, бағалау парақтарындағы балдарды есептеуді жүзеге асырып, төмендегідей **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1) Негізгі қызметкер К.Б.Данабатырованың әлеуметтік демалысы уақытына, хореограф лауазымына ұйымдастырылған конкурсқа құжаттары конкурстың талаптарына сай, жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша 12 балл жинаған және бос лауазымдық орынға 1 үміткердің болуына байланысты Нигметуллина Анар Нурлановна конкурстан өтті деп танылсын.

2) «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын басшысы А.З.Кайржановаға конкурстан өткен педагогпен еңбек шартын жасау және оны жұмысқа қабылдауға ұсынылсын.

Комиссия төрайымы:

Комиссия мүшелері:



Хатшы:

Э.А.Алпамысова

А.М.Артигалиева

Э.К.Кусанова

Ж.А.Тамашева

Л.М.Садыкова

Р.А.Сариева